

## Жұмыссыздардың қоғамдық жұмысын ұйымдастыру туралы

### Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 687 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қаңтарда N 7-3-70 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы N 113 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2010.01.29 N 113 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ақылдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдардың қоса берілген тізбесі бекітілсін.
2. Қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздарға төленетін жалақы ең төменгі мөлшерінен кем болмайтын көлемде жүргізілсін.
3. Күнтізбелік жыл бойы жұмыссыздардың қоғамдық жұмысқа қайта тартылуы мүмкін деп танылсын.
4. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (И. Сивкова) жұмыссыздардың қоғамдық жұмысын жергілікті бюджеттен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Сидиховке жүктелсін.

Аудан әкімінің міндеттін атқарушы

Г. Урынгалиев

Қосымша

Бөрлі ауданы әкімдігінің  
2008 жылғы 25 желтоқсандағы  
N 687 қаулысымен бекітілген

**Ақылдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдардың тізбесі**

N	Ұйымдардың атапу	Жұмыс түрі	Каржыландыру көзі	Жұмыс жағдайы
1	"Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру; ағаш және гүл егу; тоғандар мен арықтарды қоқыстан тазарту; аумақты, көшелерді, жол жиегін қардан, қоқыстан, арам шөптен тазарту; халық санағы мен мал санағын жүргізу; үйлердің маңындағы жертөлелерді тазарту	Аудандық бюджет	Жұмыс беруші жасайды (қажетті құралжабдықтармен қамтамасыз етеді)
2	Ауданның селолық округ әкімдерінің аппараттары	Көгалдандыру; ағаш және гүл егу; тоғандар мен арықтарды қоқыстан тазарту; аумақты, көшелерді, жол жиегін қардан, қоқыстан, арам шөптен тазарту; халық санағы мен мал санағын жүргізу; үйлердің маңындағы жертөлелерді тазарту; бұлактарды абаттандыру	Аудандық бюджет	Қажетті құралжабдықтармен қамтамасыз етеді

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК